Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 6D030100 «Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері» тақырыбындағы Медетов Алимардин Шахмардиновичтің диссертациясына ғылыми кеңесшінің

ПІКІРІ

Трансшекаралық су ресурстарын тиімді басқару және құқықтық реттеу – қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Әлемде 260-тан астам трансшекаралық өзендер мен көлдер бар, оларды 145-тен астам мемлекет бөліседі. Осыған байланысты мемлекеттер арасында су ресурстарын әділ бөлу, олардың сапасын сақтау, экожүйелерді қорғау және суға байланысты дауларды реттеу мәселелері туындайды.

Қазақстан аумағында да трансшекаралық сулардың маңызы зор. Еліміз Ресей, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты көршілес мемлекеттермен трансшекаралық су көздерін ортақ пайдаланады. Ертіс, Іле, Сырдария, Тобыл, Жайық және басқа да өзендер су бөлісінде негізгі орын алады. Бұл өзендердің су режимін сақтау мен экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету – елдің су қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты шарты.

Алайда, трансшекаралық су қатынастары көптеген құқықтық және саяси қиындықтарға тап болуда. Кейбір мемлекеттер су ресурстарын ұлттық мүдделеріне сай біржақты пайдалануға тырысады, бұл судың әділ бөлінуіне, төменгі ағыстағы елдердегі экологиялық жағдайға кері әсерін тигізеді. Сонымен қатар, климаттың өзгеруі, халық санының өсуі, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің дамуы трансшекаралық су ресурстарына түсетін жүктемені арттыруда.

Осыған байланысты, трансшекаралық суларды құқықтық реттеу мәселесі халықаралық және ұлттық деңгейде шешуді талап етеді. Хельсинкиде (Финляндия) 1992 жылғы 17 наурызда жасалған Шекарааралық су арналары мен халықаралық көлдерді қорғау және пайдалану туралы Конвенциясы және БҰҰ-ның 1997 жылғы 21 мамырда Нью-Йоркте жасалған Халықаралық су ағындарын кеме қатынасынан басқаша пайдалану түрлерінің құқығы туралы Конвенциясы су ресурстарын әділ бөлу мен мемлекетаралық ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған. Қазақстан осы халықаралық нормаларды өз ұлттық заңнамасына сәйкестендіру арқылы трансшекаралық су дауларын шешудің тиімді жолдарын қарастыруда.

Осылайша, трансшекаралық суларды құқықтық реттеу мәселесінің өзектілігі – су ресурстарын тұрақты әрі әділ пайдалану, экологиялық

қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халықаралық су дауларын алдын алу және көршілес елдермен ынтымақтастықты нығайту қажеттілігінен туындайды. Бұл мәселені шешу Қазақстанның ұлттық мүдделерін қорғауға, суды үнемді пайдалануға және экожүйелерді сақтауға септігін тигізеді.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі зерттеу тақырыбының өзектілігін, сондай-ақ практикалық маңыздылығын растайды. Бұл жағдайлар мемлекеттің экология саласындағы саясатты жетілдіруге бағытталған тиімді ғылыми негізделген практикалық ұсыныстарды қалыптастыру үшін, оның ішінде қолайлы қоршаған ортаға адам құқығын қамтамасыз ету мен қорғаудың тиімді құралдарын жасау үшін көптеген көздерді зерттеу мен талдауды қажет етті.

Аталған мәселе халықаралық деңгейдегі мәселе болуы да тақырыптың өзектілігін дәлеледей түседі.

Диссертациялық зерттеу ғылымның дамуына елеулі үлес қосады, өйткені ол қолданыстағы халықаралық-құқықтық нормаларды жүйелендіріп қана қоймай, қазіргі заманғы жаһандық сын-қатерлерді ескере отырып, трансшекаралық суларды құқықтық реттеуді жетілдірудің авторлық тұжырымдамаларын ұсынады.

Докторант теориялық даярлықтың жоғары деңгейін, ғылыми зерттеу әдіснамасын меңгеруін, талдамалық қабілеттерін және зерттелетін мәселеге сын тұрғысынан қарауды көрсетті. Жұмыстың айтарлықтай практикалық әлеуеті бар және одан әрі ғылыми қызметте, сондай-ақ халықаралық және ұлттық нормативтік актілерді әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Диссертанттың ғылыми тұжырым, нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми еңбектерге, нормативтік актілерге, статистикалық негізделіп, дәйектелген.

Докторанттың диссертациялық зерттеуі ғылым мен практика үшін құндылығы бар аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады және жоғары бағаға лайық деп санаймын.

Қорыта айтқанда, 6D030100 – Құқықтану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін А.Ш. Медетов орындаған «Трансшекаралық суларды тиімді пайдаланудың құқықтық мәселелері» атты тақырыптағы диссертациялық жұмыс диссертациялық талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға жіберуге лайықты деген пікірдемін.

Ғылыми кеңесші,
з.ғ.к., профессор, ҚазҰУ
Заң факультетінің деканы **У.А.Ахатов**

Қолы
Подпись
Шаухарова М.А.